

Нысанның БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД	
КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Маңғыстау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Мұнайлы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение "Мунайлинское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Мангистауской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
№ R.07.X.KZ53VWF00084176
Дата: 20.12.2022 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Қаламқас тұрғын массиві, №458/3 учаскеде орналасқан «Рахат» жеке меншік балабақшасы

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 09.12.2022 15:11:09 № KZ30RYS00324199**

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі) по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) **Товарищество с ограниченной ответственностью "Children Caspian", Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Қаламқас тұрғын массиві, №458/3 учаске**

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиесілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

мектепке дейінгі білім беру (балабақша)

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес)

4. Жобалар, материал дарезірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены))

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **арыз, зертханалық зерттеу хаттамалары**

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции)

7. Басқа ұйым дардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организаций если имеются)

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке,



үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

«Рахат» жеке меншік балабақшасы Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Қаламқас тұрғын массиві, №458/3 орналасқан.

Балабақшаның жобалық сыйымдылығы - 200 орынға арналған, 8- топ қарастырылған, әр топ 25 баладан қамтылған.

Балабақша аумағында балалардың ойын алаңы, 2-қабатты балабақша ғимараты, балабақша ғимаратына жапсарлас орналасқан ас блогы мен кір жуу үй-жайы, бөлек жылу қазандығы, щит, ауыз су орналасқан үй-жай, өртке қарсы құдық, қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнері бар алаң қарастырылған. Шаруашылық аймаққа сырттан кіру үшін бөлек есік қарастырылған. Балабақша аумағындағы ғимараттардың орналастырылуы талаптарға сәйкес келеді.

Балабақшаның аумағы 1,8-2 метр биіктікте темір тормен қаланып қоршалған. Объектінің учаскесіне кіру жолдары, жаяу жүргінші жолдары тазалауға қолжетімді қатты жабынмен жабылған. Объектілердің аумағы және қоршау сыртындағы оған іргелес аумақ таза ұсталған.

Балабақша ғимаратының артқы бөлігінде балалардың ойын алаңы бөлінген. Ойын алаңында 8-топқа арналған әр топқа бөлек топтық алаң бар, әрбір топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғану үшін бөлек үш жағынан қоршалған 8- көлеңке қалқалар, 8 -топқа арналған құмсалғыштар орналастырылған. Ойын алаңдарының жабыны денсаулық үшін қауіпсіз (жарақаттануды болдырмайтын) материалдардан дайындалған. Объектілердің жиһазы мен жабдығы балалардың бой-жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Балабақша ғимараты шаруашылық-ауыз су, ыстық сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау жүйелері жарамды жағдайда. Объектілерде ауыз су режимі ұйымдастырылған.

Ауыз сумен жабдықтау жүйесі - орталықтандырылған құбыр жүйесіне қосылған, балабақша ғимаратының ауласында шаруашылық аймақта 20 кубтық су сақтайтын құдық қарастырылған, сол құдықтан ғимаратқа насос құрылғысы арқылы ауыз судың үздіксіз келуі қамтамасыз етілген.

Қолданыстағы гигиеналық нормативтік талаптарының сәйкестігіне судың зертханалық зерттеу нәтижелері ұсынылды. Балабақша нормалау құжаттарына сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар ғимараттың шаруашылық аймағында өртке қарсы 15 кубтық су сақтайтын құдық қарастырылған.

Ыстық сумен жабдықтау үшін су жылытқыштар арқылы қамтамасыз етілген. Ыстық және суық су барлық топтардағы ванналарға, медициналық мақсаттағы үй-жайлардағы қолжуғыштарға, ас блогындағы араластырғыш қондырғысы бар қажетті технологиялық жабдықтарға тартылған.

Кәріз жүйесі ғимараттың шаруашылық аймағында орналастырылған 8 кубтық 3 септик арқылы жүзеге асырылады. Кәріз жүйесі толуына қарай тазалау ұйымдастырылған. Жылумен жабдықтау автономды қазандық ғимараттың шаруашылық аймағында бөлек үй-жайда орналастырылған.

Тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған үш жағынан қоршалған тазалау және дезинфекциялау үшін қолжетімді, су өткізбейтін төсемі бар алаңға қатты тұрмыстық қалдықтарды сақтауға арналған контейнер ғимараттың шаруашылық аймағында орнатылған.

Барлық үй-жайларда табиғи және жасанды жарықтандырумен дарықтандырылған. Бір үй-жайда бір типті шамдарды орнатылған. Барлық жерде жарық жүйесі люминесценттік шамдар арқылы жарықтандырылған. Топтардағы терезелерге күннен қорғау үшін жалюздер ұсталған. Терезелерде, желдету үшін ашылатын желкөздерде, фрамугаларда москит торлар орнатылған. Нормалау құжаттарына сәйкес жасанды жарықтандырудың зертханалық өлшеулер нәтижелері ұсынылды. Жасанды жарықтандыру көрсеткіштері нормалау құжаттарына сәйкес нормаланған.

Топтық үй-жайларында, медициналық пункт үй-жайларында ауа температурасын бақылау үшін ішкі қабырғаға 0,8 - 1,2 м биіктікте бекітілген термометрлер орнатылған. Нормалау құжаттарына сәйкес оңтайлы микроклиматтық жағдайларына (температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) зертханалық өлшеулер нәтижелері ұсынылды, нормалау құжаттарына сәйкес нормаланған.

2-қабатты балабақша ғимаратының 1-ші қабатында ойын жатын бөлмесі біріктірілген 1-топ, ойын жатын бөлмесі бөлек қарастырылған 3- топ, асуіі, кір жуу үй-жайы, оқшаулау бөлмесі бар медициналық кабинет, қызметкерлерге арналған санитарлық торап, дезинфекциялық ертінділерді сақтауға арналған үй-жай, ал 2-ші қабатында 4-топ, әдіскер бөлмесі орналастырылған.

Әр топта қабылдау, яғни балалардың киім шешетін бөлмесі, ойын және жатыны бөлмелері, бөлек буфет тарату-орны және дәретхана бар. Ұсынылған техникалық төлқұжатқа сай балабақша ғимаратындағы үй-жайлардың аудандары белгіленген.

1-ші қабаттағы әр топтың ойын бөлмелерінің ауданы - 53,9м², 50,0м², 51,5м², жатын бөлмелерінің ауданы - 46,8м², 45,0м², 46,1м², киім шешетін бөлмелерінің ауданы - 17,5м², 18м², 16,9м², 16,2м², дәретхананың ауданы - 15,9м², 16м², 16,3м², 14м², 4 топтағы буфет тарату-орнындарының аудандары - 3,8 м², ойын, жатын бөлмелері біріктірілген 1 топтың ауданы - 64м².

2-ші қабаттағы әр топтың ойын бөлмелерінің ауданы - 55м², 50,8м², 50,4м², жатын бөлмелерінің ауданы - 45,1 м², 60,0м², 46,2м², киім шешетін бөлмелерінің ауданы - 17м², 18,6м², 17,3м², 21,3м², дәретхананың



ауданы - 15,9м2, 16,7м2, 16,3м2, 18,6м2, буфет тарату-орнының ауданы - 3,8 -4 м2, ойын, жатын бөлмелері біріктірілген 1 топтың ауданы - 64 м2.

Әр топтың қабылдау, яғни балалардың киім шешетін бөлмелерінде сыртқы киімге арналған шкафтармен және орындықтармен жабдықталған. Балалардың киіміне арналған шкафтар жеке таңбалаған және бас киімге арналған сөрелермен және сыртқы киімге арналған ілмектермен жабдықталған. Еденіне кілем төселген.

Әр топтың ойын бөлмелерінде балаларға арналған тамақтану үстелдер, арқалығы бар орындықтар, ойыншықтарға арналған сөремен ойыншықтар, кеңсе шкафы, балаларға арналған 2-қабатты жылжытылатын кереуеттер орналастырылған. Топтардың жиһазы мен жабдығы балалардың бойы мен жасына сәйкес келеді, жиһаз бен жабдықтың үшкір шығыңқы жерлері мен ақауы жоқ. Топтың еденіне кілем төселген. Топтардағы ойыншықтар балаларға жеткілікті көлемде қамтылған. Топтардағы ойыншықтарды жууға арналған арнайы сыйымдылық, шүберек пен жөке бөлінген және таңбаланған. Топтардың жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған және тормен жабылған Төсек-орын жабдықтары мен орамалдары әр балаға жеке бөлінген. Жиһаз, жұмсақ, қатты мүкәммалдар мен жабдықтар жұмыс жағдайында. Балалар үшін сатып алынған өнімдер (ойыншықтар, аяқкиім, киім, ыдыс, төсек-орын жабдықтары, жиһаздар) балалар санына жеткілікті және олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары бар.

Әр топтың буфет тарату-орнындарында топтардың ыдыстарын жуу үшін 2-секциялы ұяшық, ыдыстарды кептіруге арналған кептіргіш, топтың ыдыстарын сақтауға арналған шкаф орналастырылған. Буфетте ыстық және салқын су келтірілген.

Әр топтың дәретханасында балаларға арналған 3-унитаз, 3- жуынатын раковина, қол жууға арналған сұйық сабын, иілмелі шлангісі бар гигиеналық табандық, жеке ұяшықтары бар балалардың орамалдарына арналған қабырғаға ілінетін 25- ілгіш, шаруашылық шкафпен қамтылған.

Балабақшадағы кіші топта түбектер пайдалануда. Таза түбектер дәретханың жеке таңбаланған ұяшықтарында сақталған. Түбектер пайдаланылғаннан кейін тазартылуы және дезинфекциялануы жолға қойылған, ол үшін түбектерді сулауға арналған таңбаланған сыйымдылық дәретханада орналастырылған.

Қабылдау бөлмесінің, топтардың қабырғалары 1,5 м2 биіктікте майлы сырмен сырланған, төбесі сулыэмульсияланған, едені линолеумденген. Санитарлық торап пен буфет тарату-орнының қабырғалары 1,5 - 1,8 м2 биіктікте еденімен бірге кафельденген, төбесі сулыэмульсияланған.

Дәліздің қабырғасы 1,5 м2 биіктікте майлы сырмен сырланған, төбесі сулыэмульсияланған, едені кафельденген.

Медициналық үй-жай балабақша ғимаратының 1-ші қабатында орналасқан. Медициналық үй-жай келесі бөлмелерден тұрады: медициналық кабинеттің ауданы - 12 м2 және изолятор бөлмесінің ауданы - 5,76 м2. Медициналық кабинетпен изолятор бөлмесінің қабырғалары шамамен 1,8-2 метр биіктікте майлы сырмен сырланған, төбесі сулыэмульсияланған, едені кафельденген, яғни медициналық үй-жай жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға төзімді материалдан дайындалған.

Жабдықталуы: медициналық кереует, кеңсе шкафы, дәрі-дәрмек шкафы, тоңазытқыш, жұмыс үстелі, қол жуу орны, кварц шамы, таразы, бой өлшегіш, керме, манипуляциялық үстел қарастырылған.

Медициналық бөлме санитариялық қағиданың 9-қосымшасына сәйкес қажетті құрал-жабдықтарымен жабдықталған және 12-қосымшасына сәйкес медициналық құжаттамалары жүргізілген.

Санитарлық нормативтік құжаттары мен журналдары толық қамтылған. Медбикеке арнайы киім жиынтығы жеткілікті мөлшерде қамтылған, арнайы жұмыс және сырт киімдерін сақтауға шкаф қарастырылған.

Оқшаулау медициналық кабинетпен көрші орналастырылған. Оқшаулаудан сыртқа шығатын бөлек есік қарастырылған. Оқшаулау бөлмесінде 1- кереует қарастырылған. Оқшаулау бөлмесінің жанында санитарлық торап қарастырылған. Санитарлық торапта 1-унитаз, 1 раковина орналастырылған.

Ас блогы балабақша ғимаратына жапсарлас орналасқан. Ас блогы келесі бөлмелерден тұрады: дайындау алаңы бар ыстық цех (ауданы - 46,8 м2), қызметкер сырт киімдері сақталған орын (ауданы - 6,1 м2), көкөніс, жеміс-жидек сақтауға арналған қойма (ауданы - 5,8 м2), құрғақ тағам өнімдерін сақтауға арналған қойма (ауданы - 5,9 м2), нан дайындау цехы (ауданы - 8,9 м2), ет цехы (ауданы -8,4 м2), ыдыс жуу бөлмесі (ауданы - 8,8 м2),

Ас блогының барлық үй-жайларының қабырғалары 1,5 - 1,8 метр биіктікте еденімен бірге кафельденген, төбелері сулыэмульсияланған, яғни ас блогы жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға төзімді материалдан дайындалған.

Топтарға тағамдарды тарату бөлек есік арқылы жүзеге асады. Тағамдарды тарату орнында үстел қойылған.

Ыстық цехта 4-комфорлы пісіру шкафы бар 2-газ плитасы, нан пісіретін пеш, 1-су жылытқыш котелі, дайын және шикі өнімдерге арналған таттанбайтын өндірістік үстелдер, 1-раковина қарастырылған. Ас блогында механикалық түрде іске қосылатын желдету орнатылған, жұмыс жағдайында. Жылу және



ылғал бөлу көзі болып табылатын жабдықтардың үстінде сыртқа тарту шатырлары орналастырылған. Нан цехында 1-таттанбайтын өндірістік үстел, 1- тестомес және қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Ет цехында 2- терең раковина, 1-қызметкерлердің қолын жууға арналған раковина, 1-өндірістік үстел мен қажетті құрал жабдықтар қарастырылған.

Ас үй ыдыстарын жуу бөлмесінде ас үй ыдыстарын жууға арналған 2 - раковина, қызметкерлердің қолын жууға арналған 1-раковина, таттанбайтын өндірістік үстел, таза ыдыстарды сақтауға арналған 1-сөре қарастырылған. Асхана және ас үй ыдыс-аяқтарын, мүкәммалдарды жууға арналған жуу ваннасы қажетті көлемде ыдыс-аяқтың толық батуына қамтамасыз етілген.

Тағам өнімдерін сақтауға арналған қоймалардың қабырғалары 1,5-2 метр биіктікте еденімен бірге кафельденген. Құрғақ тағам өнімдерін сақтауға арналған қоймада тағамдарды сақтау мақсатында поддондар мен сөрелер орналастырылған.

Көкөніс, жеміс-жидек сақтауға арналған қоймада тағам өнімдерін сақтауға арналған поддондар мен сөрелер,тоңазытқыш пен мұздатқыш орнатылған.

Ас үйіне қажетті құрал-саймандармен толық қамтылған. Технологиялық жабдық, аппаратура, мүкәммал, ыдыс-аяқ, ыдыс тамақ өнімдерімен жанасатын барлық жабдықтар таттанбайтын рұқсат етілген материалдардан дайындалған және жеткілікті түрде қамтылған, нысанына сай таңбаланған.

Шикізат пен дайын өнімдерді бөлек үй-жайда әртүрлі таңбаланған үстелдерде жүргізілуіне жағдай жасалған. Азық-түлік (тамақ) шикізаты мен дайын тамақ өнімдерін (ет, құс еті, балық, көкөністер, аскөк, ет, сүт өнімдерін, нан және нан-тоқаш бұйымдары, аспаздық, ұннан жасалған аспаздық, кондитерлік бұйымдар) бөлшектеу үшін өңделетін тамақ өнімдеріне сәйкес, әріпті таңбалауды пайдаланып таңбаланған жеке бөлшектеу мүкәммалдары (бөлшектеу тақтайшалары, пышақтар) мақсаты бойынша пайдаланылған. Бөлшектеу тақтайшалары мен пышақтарды олармен өңделетін өнімдерге сәйкес таңбаланған. Оларды сақтау тікелей тиісті өндірістік үстелдерде олардың бөлек сақталуы қамтамасыз етілген.

Технологиялық жабдық, аппаратура, мүкәммал, ыдыс-аяқ, ыдыс тамақ өнімдерімен жанасатын барлық жабдықтар рұқсат етілген материалдардан дайындалған.

Ас үйінің қызметкерлері үшін жеке гигиена қағидаларын сақтау үшін жағдайлар жасалған.

Қызметкерлердің сырт және арнайы киімдерін сақтауға арналған орында арнайы және жеке киімдерін сақтау үшін бөлек шкаф қарастырылған.

Жууды сұрыптау, үтіктеу кір жуу үй-жайында жүргізіледі. Кір жуу үй-жайы балабақша ғимаратына жапсарлас орналасқан. Кір жуу орнына кіру шаруашылық аймақ арқылы жүзеге асырылады. Кірді жуу бөлмесінің қабырғасы еденімен бірге толықтай кафельденген, төбесі -ХДМ, үтіктеу сақтау бөлмесінің қабырғасы майлы сырмен сырланған, едені кафельденген, төбесі -ХДМ. Кір жуу үй-жайында 9 кг 2 жуу - сығу және кептіру машинасы, лас төсек-жабдықтарын салуға 1-контейнер, 1-таттанбайтын үстел, 1- ваннамен жабдықталған. Үтіктеу сақтау бөлмесінде таза төсек жабдықтарын сақтауға арналған сөрелер, 1-үтіктеу үстелі мен үтікпен қамтылған. Таза төсек-жабдықтарын сақтау қоймасында таза төсек-жабдықтарын алу үшін бөлек терезе арқылы жүзеге асырылады, ал сұрыптау бөлмесінде лас төсек-жабдықтарын тапсыру үшін бөлек есік арқылы қабылданады. Кір жуатын орында таза және лас төсек-орынның қарама-қарсы ағыны сақталған.

Төсек-орын, киім мен аяқ киім, қатты мүкәммал қорын сақтау үшін балабақша ғимаратында 2 -ші қабатта ауданы - 12,6м² бөлме қарастырылған.

Жинау мүкәммалы (легендер, шелектер, жөкелер, шүберектер) таңбаланған және жеке үй-жайларға (санитариялық тораптар, медициналық пункт, ас блогының өндірістік үй-жайлары, топтық үй-жайлар) бекітілген. Оларды сақтауға әр топтың санитарлық торабында шкафта сақталған.Санитариялық тораптарға арналған жинау мүкәммалының сигналды таңбасы бар. Дезинфекциялық ерітінділерді дайындау бөлмесінің ауданы - 1,5м². Бөлменің қабырғасы майлы сырмен сырланған, едені кафельденген. Дезинфекциялық ерітінділерді дайындау бөлмесінде ғимаратқа жинау жүргізу үшін нормалау құжаттарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдары қолданылуда. Дезинфекциялау ерітінділерін өндірушінің нұсқаулығына сәйкес ертіндіні дайындау күні көрсетілген, таңбаланған сыйымдылық қарастырылған.

Балабақша ғимаратының 1-ші қабатында дезинфекциялық ерітінділерді дайындау бөлмесімен жапсарлас қызметкерлерге арналған санитарлық торап қарастырылған. Санитарлық торапта 1-унитазмен және қол жууға арналған құралдары бар жуынатын 1-раковина және қоқыссалғыштар қарастырылған.

Әдіскер кабинетінің ауданы -16,1м² . Әдіскер кабинетінің қабырғасы сулыэмульсияланған, едені линолеумденген.

Балабақшаның барлық үй-жайлары мен жабдығы таза ұсталған. Балабақшадағы жиһаз, жұмсақ, қатты мүкәммалдар, жабдықтар жұмыс жағдайында.

Объектілерде қызмет көрсететін персонал (тәрбиешілердің көмекшілері, техникалық персонал), ас блогының жұмыскерлері 2 жиынтығы бар арнайы киіммен (костюм немесе халат, орамал, қалпақ, алжапқыш), ауыстыратын аяқкиіммен қамтамасыз етілген.

Балабақшаның қызметкерлері медициналық байқаудан және гигиеналық оқудан өткен.



Объектіде нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес өндірістік бақылау бағдарламасы жасакталған.

9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау мағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын атигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, видгрунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;)

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

06.12.2022ж. №43 жарықты өлшеу хаттамасы, 06.12.2022ж. №49 метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы, 09.12.2022ж. №147-148/ТО-22-00275 су үлгілерін микробиологиялық зерттеу хаттамасы, 08.12.2022ж. №141-142/188-189 орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз ету жүйесінің ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы.

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	жоқ	жоқ	жоқ
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	жоқ	жоқ	жоқ
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	жоқ	жоқ	жоқ
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	жоқ	жоқ	жоқ

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

Мұнайлы ауданы, Атамекен ауылдық округі, Қаламқас тұрғын массиві, №458/3 учаскеде орналасқан «Рахат» жеке меншік балабақшасы

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілген объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 "Мектепке



дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы бұйрығы. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 6 маусымдағы № 239 "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 209 "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы.
Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай сай (соответствует)

Ұсыныстар (Предложения):

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.

На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Маңғыстау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Мұнайлы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Мұнайлы ауданы, орам 14, № 5/2 үй

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение "Мунайлинское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Мангистауской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"

Мунайлинский район, квартал 14, дом № 5/2

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Исаева Ботагоз Усмановна

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)



